


MAP – карта




HTML-да суреттерді аудандарға бөлуге болады. Сурет карталарын құру үшін, біз `<map>` дескрипторын және ішіне кіретін `<area>` дескрипторын қолданамыз.

Дескриптор **`<map>`** (map ағылшынша- "карта" деген мағына білдіреді) **суреттің толық картасын** анықтайды,

ал дескриптор **`<AREA>`** (area ағылшынша- "аумақ" деген мағынаны білдіреді) **картаның жеке бөліктерін** анықтайды.

Сонымен дескриптор `<MAP>`- жұпты, ал `<AREA>`- жұпты емес болып келеді.

- 
-
- Құрылымы былай болады:


<MAP карта параметрі >

<AREA аумақ параметрі>

<AREA басқа аумақ параметрі>


.....

</MAP>



Параметрі

- **NAME** - міндетті параметр. Картаның атын анықтайды және берілген құжат үшін уникальді.




- Картаның суретке қойылуы:


<MAP name="map1" >

.....


</MAP>

.....

- 
-
- Картаны суретке қолдану үшін, біз ең алдымен картаға ат береміз. Содан кейін, **** суретті шығару дескриптор ішінде **usemap** арнайы парметрін қолдану арқылы, карта аты суретке меншіктеледі. Сіз берген аудан, суреттің ауданынан асып кетсе, сіздің картаңыз жұмыс істемейді. Сол себепті бөлу аумағын қолданар кезде, суреттің ауданың зерттеп алған жөн.





```
  
<map name="map1">  
  <area shape="circle"  
    coords="105,190,30" alt= "имя"  
    href= "имя.html">  
</map>
```




AREA

- **Параметрі:**
- **SHAPE** – берілген ауданның формасын анықтайды.
rect - тікбұрыш;
circle – дөңгелек;
poly – көпбұрыш.
- Таңдап алынған форма бойынша оның координаттарын **COORDS** параметрі арқылы береміз.

- 
-
- **shape**="circle" аудан дөңгелек болады және **coords**="105,190,30" координаттардың
 - бірінші мәні X позициясын білдіреді,
 - ал екінші мәні Y позициясын білдіреді,
 - ал үшінші мәні R дөңгелек радиусын білдіреді.

- 
-
- **HREF** – ауданды сілтеме етіп қабылдайды.
 - **TARGET** – сілтеме көрсетілген терезені анықтайды.

- 
-
- **NOHREF** – аудан активті емес.
 - **ALT** – берілген ауданға түсініктеме.